

**«Петровка ауылының жалпы орта білім беретін мектебі» КММ  
2023-2024 оқу жылының 27 мамыр - 31 мамыр аралығында «Жазғы  
мектептің» жұмысы жоспарыға сай өткізілді**

Жазғы мектеп жұмысы ата-аналар тарапынан берген өтініштер негізінде, барлық: 1аб-8аб сыныптар аралығында жүргізілді.

Жазғы мектеп: 2023-2024 оқу жылында жазғы мектепті ұйымдастыру бойынша әдістемелік ұсынымдарға сәйкес ұйымдастырылды.

Әдістемелік ұсынымдар:

- Климаттық жағдайларды ескере отырып, бастауыш сыныптарда сабақтар 30 минуттан, 5-10 сыныптарда 40 минутқа дейін өткізіледі. Күніне 5 сабақтан артық емес.

Сабақ кестесі оқу пәндері бойынша, оның ішінде үлгерімі төмен білім алушылардың білімдеріндегі олқылықтардың орнын толтыру үшін қалыптастырылған сыныптар ескеріле отырып жасалды.

Жазғы мектепте білім алушыларының оқу жетістіктері бағаланбады.

Жазғы мектеп жағдайында үй тапсырмасы берілмеді.

Жазғы мектепте мектеп кітапханасына, цифрлық білім беру ресурстарына қолжетімділік қамтамасыз етілді.

Сабаққа дайындық кезінде педагог оқу материалдары мен ресурстарын мұқият таңдап, білім алушылардың оқу пәндері бойынша білімдегі олқылықтарын толықтыруға деген қажеттіліктерін ескере отырып, сараланған тапсырмаларды әзірлеу.

Білім алушылардың оқуға деген ынтасын арттыру мақсатында қосымша қызықты материалдарды, тест тапсырмаларын, шығармашылық сипаттағы дидактикалық материалдарды, аудиовизуалды құралдарды (графика, аудио, бейнематериалдар), презентацияларды, сараланған оқу тапсырмаларын пайдалану.

Оқу материалының мазмұны оқу процесінде білім алушылардың ойлау процестерін дамытуға, ойластырылған шешімдер қабылдай білуге, оларды дәлелдеуге, ақпаратпен жұмыс жасауға, талдауға, салыстыруға, қорытындылауға бағытталу.

Жазғы мектептің оқу процесінде үлгерімі төмен білім алушылардың қызығушылығына қолдау көрсету ұсыну. Қажеттілігіне қарай жеке сараланған тапсырмаларды әзірлеу.

Сабақ өткізу кезінде педагог:

- балалардың эмоционалдық көңіл-күйіне назар аудару және оқуға қолдау көрсету;

- сабақта білім алушылардың шамадан тыс жүктемесіне жол бермеу;

Мектеп жоспары құрылып, берілген кестеге сай сабақ кестесі жасалды

Әр пән мұғалімі кестедегі берілген сағат сандарына ұсынылған оқу жоспарларын сай күнтізбелік жоспар құрылып, бекітілді.

Жоспарда көрсетілгендей сабақтар: Сыни ойлауды дамытуға, функционалдық сауаттылықты қалыптастыруға, интерактивті оқыту әдістемелерін (жобалар әдісі, пікірталас, ойын, іздеу әдістері) қолдануға, сабақтарды оқу сыныптарынан тыс, таза ауада ұйымдастырылды

Өткізілген сабақтар мектептің әлумагенттік желілеріне салынды.

Қазақ тілі пән мұғалімдері Ахатова Б.К. және Евлоева Ж.Х. кітапханашы Коос Н.Б. біріге отырып балалардың оқу әдетін қалыптастыратын күнделікті 20-30 минуттық кітап оқуды ұйымдастыра отырып, кітаптарды топтық талқылау, түсіну, талдау, салыстыру, қорытынды жасау арқылы оқу дағдыларын дамыту жұмыстары жүргізілді.

Дене шынықтыру мұғалімдері жаттығулар, қозғалмалы ойын спорт түрлері: волейбол, футбол, баскетбол және т.б. бойынша денсаулық күні, үзілістер ұйымдастырды.

Мектеп психологтері Исабаева А.Ж., Сайдаева М.А. білім алушыларды психологиялық қолдауды қамтамасыз етіп;

– білім алушылар мен олардың ата-аналары/занды өкілдері үшін консультациялар өткізді;

– психологиялық тренингтер өткізеді.

Медицина қызметкері Пірназарова Е.:

– жазғы мектеп жағдайында санитариялық-эпидемиологиялық режимнің қатаң сақталуын қамтамасыз етті;

– сынып бөлмелерін желдетуді, оқушылардың жеке гигиенаны сақтауын бақылады;

– ауырғандар анықталған жағдайда оқшаулау, білім алушылардың жағдайын бақылау үшін медициналық кабинеттің жұмыс істеуін қамтамасыз етті;

– жазғы мектептегі тамақтану сапасын және санитарлық-эпидемиологиялық ережелер мен нормалар талаптарының сақталуын бақылады.

Күннің соңында қызығушылықтар бойынша ойындар, фильмдерді бірлесіп қарау, жобаларды талқылау және т.б. іс-шаралар өткізілді.

Мектеп директоры:



Ишанова З.Т.